KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ
ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ
ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

**10 – 14 Тамыз, 2026**

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне Еуразиялық Даму Банкінің KZ2D00019379 (EABRb68), Азия Даму Банкінің XS3459893312 (ASDBe25) и XS3459894047 (ASDBe26) халықаралық облигациялары, "Bereke Bank" АҚ (LESHA Bank LLC (Public) ЕБ) KZ2C00019362 (BERKb21), "Birinshi Lombard"ЖШС облигацияларының төрт шығарылым, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00019151 (MFRFb30), "RAAF Construction" ЖШС KZ2P00018922 (RAAFpp1), "BASS Gold" ЖШС KZ2P00019169 (FPSTb13), "Fincraft Group" ЖШС KZ2P00018369 (NCOMpp3), Алматы облысының жергілікті атқарушы органының KZMJ00003820 (ATK022_382) облигациялары енгізілді.
- KASE-де "Home Credit Bank" (ДБ АО "Forte Bank") облигацияларының екі шығарылымы, Еуразиялық Даму Банкінің KZ2D00019379 (EABRb68), "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС KZ2P00018930 (MFSCb15), "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС KZ2P00019052 (TTLSb2) және KZ2P00019102 (TTLSb3), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00019248 (SKKZb34) және KZ2C00019255 (SKKZb35) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де екі атаудағы жай акциялармен, АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының сегіз шығарылымымен, Еуропалық қайта құру және даму банкінің XS2655869530 (EBRDe19) халықаралық облигацияларымен сауда-саттығы тоқтатыла тұрады,
- KASE де ETF жеті атауымен сауда-саттықты тоқтату мерзімі ұзартылды.
- KASE-де "QARABULAQ GOLD" ЖШС KZ2P00019078 (QGLDb1), "Jet Finance" МҚҰ" ЖШС KZ2P00018880 (MFMOb49)", "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00018344 (MFAFb14) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-на Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KZKD00001244 (MUM084_0019) облигациялары және "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00018398 (IDFRb10) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі берілді
- KASE ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ 8 МЫҢ ТАРМАҚТАН АСЫП, ТАРИХИ МАКСИМУМДЫ ЖАҢАРТТЫ

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 260,0 млн МЕККАМ KZK100000431 (MKM012_0162), 44,5 млн МЕТИСКАМ KZKF00000020 (MTC048_0002), 32,0 млн МЕУКАМ KZKD00001327 (MUM096_0016), 51,1 млн МЕУКАМ KZKD00001293 (MUM156_0008), 42,6 млн МЕУКАМ KZKD00001319 (MUM072_0016) орналастырды.
- Еуразиялық даму банкі KZ2D00019379 (EABRb68) облигацияларын орналастыру арқылы 4,0 млрд рубль тартты
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015238 (KFUSb118) екі жылдық облигацияларын орналастыру арқылы 8,4 млрд KZT тартты
- "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС жазылым арқылы KZ2P00019052 (TTLSb2) үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы $20,0 млн тартты,
- "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС жазылым арқылы KZ2P00019102 (TTLSb3) үш жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 10,0 млрд KZT тартты,
- Жеті облыстың әкімдіктері 17,2 млрд KZT тартты

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ өз бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді
- "ТСП Групп" ЖШС 2025 жылға дивидендтер төледі
- "Kazakhmys Copper" АҚ (Қазақмыс Коппер) жалғыз акционері KZ1C00001379 (KMCP) жай акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдады
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғамның кредиттік рейтингін растағаны туралы хабарлады
- "BASS Gold" ЖШС Үшшоқы кен орнында құрамында алтын бар кендерді өндіруге арналған келісімшарттың ұзартылғаны туралы хабарлады
- "ЭКОТОН+" АҚ акционерлері жай акциялар бойынша 2025 жылға дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады

| 14.08.2026 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 8 039,86 | 1,8 | 4,4 |
| | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| АО "ForteBank" | 12,3 | 17,3 | 19,2 |
| АО Kaspi.kz | 46 100,0 | 8,5 | 9,8 |
| Intel Corporation | 107,8 | 6,2 | 0,2 |
| AT&T Inc. | 24,7 | 3,8 | 15,7 |
| Tesla, Inc. | 344,4 | 3,8 | -13,9 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 403,5 | 3,5 | 10,6 |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 33 420,0 | 2,5 | 1,9 |
| PayPal Holdings Inc. | 60,3 | 2,3 | 29,1 |
| Bank of America Corporation | 64,2 | 1,9 | 5,6 |
| Pfizer Inc. | 26,8 | 1,5 | 10,6 |
| NVIDIA Corp. | 225,7 | 1,5 | 7,7 |
| АО "КазТрансОйл" | 1 127,0 | 1,4 | -1,1 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 486,6 | 1,1 | -12,4 |
| АО "KEGOC" | 1 464,5 | 0,6 | 1,5 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 4 850,0 | 0,4 | 8,0 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 34 800,0 | 0,3 | 1,5 |
| АО "Эйр Астана" | 698,6 | -0,2 | 4,4 |
| АО "KM GOLD" | 59,0 | -0,5 | 4,8 |
| АО "Казахтелеком" | 44 150,0 | -1,1 | 7,9 |
| Microsoft Corporation | 495,7 | -1,1 | 28,1 |
| АО "Кселл" | 3 202,0 | -1,5 | -1,3 |
| Freedom Holding Corp. | 149,7 | -1,8 | -6,5 |
| Apple Inc. | 305,4 | -2,2 | -2,8 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




KASE индексі 8 000 тармақ белгісінен асып, бейсенбіде 8 101,99 тармақ деңгейінде тарихи максимумды жаңартты. Аптаның қорытындысы бойынша KASE Индексінің өсуі 1,2 % құрады.

Өсу көшбасшыларында – дивидендтік күтулер аясында 8,5 %-ға көтерілген Kaspi.kz АҚ акциялары болды. Компанияның Директорлар кеңесі акцияға 1 000 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды. Акционерлердің кезектен тыс жиналысы ағымдағы жылдың 09 қыркүйегінде өтеді. Сонымен қатар, компания операциялық және қаржылық нәтижелерді жариялады, оған сәйкес бірінші жартыжылдықта шоғырландырылған кіріс 23 %-ға өсті, ал таза пайда 510,8 млрд теңгеге дейін азайды. Қаржы секторының басқа өкілдерінің акциялары да аптаны өсіммен жауып тастады: "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акциялары шоғырландырылған қаржылық нәтижелерді жариялау қарсаңында 3,5 %-ға өсті, ал "Банк ЦентрКредит" АҚ бағалы қағаздары 0,4 %-ға қымбаттады.

"Эйр Астана" АҚ акциялары 0,2 %-ға төмендеді. Компания 2026 жылдың 5 тамызынан бастап 2026 жылдың 7 тамызына дейін акцияларды және ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасына сәйкес 37 268,44 АҚШ доллары сомасына 6 321 дана жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алғанын хабарлады.

Мұнай бағасының өсуімен мұнай-газ секторының қағаздары апта бойы өсіммен жабылды: "ҚазТрансОйл" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ тиісінше 1,4 % және 0,3 %-ға өсті.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 15,85 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,15 %-ға дейін төмендеді.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 473,81 теңгеге дейін 1,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 369 млн АҚШ долларынан 389 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 8,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Биржа нарығында Ұлттық қордан сатылған валюта көлемі шілде айында 200 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,3%-ын немесе күніне шамамен 9 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, республикалық бюджетке трансферттер бөлу мақсатында Ұлттық Банк шілде айында Ұлттық қордан 500 млн АҚШ долларын сатып алды, олар Ұлттық қормен операцияларды теңестіру шеңберінде ішкі валюта нарығында 2026 жылдың соңына дейін біркелкі сатылатын болады.

Тамыз айында Ұлттық Банктің биржа нарығында Ұлттық қордан валюта сату көлемі 200 млн АҚШ долларынан бастап 300 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

Шілде айында теңестіру операциялары шеңберінде шамамен 374 млрд теңге алынды. Тамыз бойы осы мақсатта 374 млрд теңге баламасында валюта сату күтілуде.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру барысында нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды.

Ұлттық Банк шілде айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі шамамен 195 млн АҚШ долларын құрады. Бұл норманың қолданылуы 2026 жылғы 15 шілдеден бастап тоқтатылды.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру мақсатында шілде айында биржадағы сауда-саттықта жалпы сомасы 375 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 4,4%-ын құраған шетел валютасын сатып алды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**
**Δ %, база (01.01.26)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2026, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 627,59 | -0,60 | 0,05 | -7,66 |
| USDKZT | 464,02 | -1,26 | -0,81 | -7,46 |
| EURKZT | 536,18 | -1,01 | 0,45 | -9,32 |
| CNYKZT | 68,83 | -1,18 | -0,27 | -4,08 |
| RUBKZT | 5,54 | -2,98 | -7,95 | -13,40 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**
**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 7 785,76 | 0,4 | 2,8 | 20,4 | 0,3 |
| Dow Jones | 53 732,41 | -0,6 | 2,0 | 19,6 | -0,6 |
| РТС | 796,02 | -9,0 | -6,7 | -32,3 | |
| ММВБ | 2 136,35 | -6,4 | 1,2 | -28,2 | |
| Hang Seng | 25 116,85 | -2,1 | 1,8 | -1,6 | -2,2 |
| SS CSI 300 | 4 665,88 | -0,6 | -2,5 | 11,8 | -0,3 |
| Euro Stoxx 50 | 6 539,59 | 0,2 | 4,4 | 20,3 | 0,1 |
| FTSEuroFirst | 7 303,50 | -0,2 | 2,8 | 19,8 | -0,1 |
| FTSE 100 | 10 750,11 | -1,4 | 2,2 | 17,1 | -1,2 |
| KASE | 8 039,86 | 1,8 | 4,4 | 19,1 | |

## Шикізат нарығы

14.08.2026

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 88,52 | 5,9 | 4,2 | 32,4 |
| Мұнай (WTI) | 82,40 | 5,4 | 3,5 | 28,8 |
| Табиғи газ | 2,73 | 2,7 | -6,5 | -3,8 |
| Мыс | 661,30 | 0,3 | 5,1 | 47,6 |
| Темір | 699,50 | -0,8 | -8,1 | -13,5 |
| Алтын | 4 376,40 | 0,8 | 7,8 | 31,2 |
| Күміс | 65,11 | 2,5 | 14,0 | 71,0 |
| Астық | 674,75 | 5,5 | -0,4 | 34,0 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 17.08 | ЖІӨ (кв / кв) (2 кв.) | JPY | 0,5% | 0,5% |
| 19.08 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (шілде) | GBP | 2,9% | 2,6% |
| 19.08 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (шілде) | EUR | 2,9% | 2,8% |
| 19.08 | Шикі мұнай қоры | USD | | 17,423M |
| 19.08 | FOMC хаттамаларын жариялау | USD | | |
| 20.08 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 210K | 209K |
| 21.08 | Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (тамыз) | USD | 54,0 | 53,9 |
| 21.08 | Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (тамыз) | USD | 53,9 | 54,6 |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 10,2% | 01.08.26 | 10,3% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 63,7 | 01.08.26 | 61,8 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 16 750,0 | 01.08.26 | 15 579,7 |
| Ақша масса, млрд KZT | 55 783,7 | 01.08.26 | 55 000,2 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 позитивті | 20.02.26 | BBB-/A-3 позитивті |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2026